

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 78 – 82

UDK 94 (574) 9.93

T.E. Kartaeva

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.  
[kartaeva07@mail.ru](mailto:kartaeva07@mail.ru)

## THE SITUATION WITH THE WORLD WAR I PRISONERS IN THE KAZAKHSTAN DETENTION CAMPS

**Abstract.** During the World War I the social and political life of Kazakhstan significantly changed due to the arrival of the Austro-Hungarian and German prisoners of war. The first group of prisoners arrived in August, 1914 and they were settled in Omsk (that time Omsk was the city of Kazakh country), Akmola, Pavlodar, Semipalatinsk counties, in southern Kazakhstan, Zhetysu and Turkestan military command regions. There were many Galicians, Roumanians, Italians, Germans, Hungarians and Turks among them, they were captured by Russians in the Caucasus battlefield. The camps, built in a hurry, were in a bad condition. The prisoners of war camp “Troitsk” built between Kostanay and Chelyabinsk was called as “the camp of death”. The Bolsheviks wanted the political activists who were among the prisoners to follow them. The Bulgarian and Serb prisoners founded the Social-Democratic organization. The Hungarian prisoners released a newspaper called “Revolution”. There were many political activists among German and Hungarian prisoners. After the war a number of political activists who were among prisoners stayed at Kazakh land, some of them returned to their homeland.

**Key words.** the World War I, prisoners of war, military command region, prisoners camp.

УДК 94 (574) 9.93

Т. Е. Картаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

## БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЛАГЕРІНДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

**Түйіндеме.** I дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі Австрия-Венгрия, Германияның соғыс тұтқындарының келуіне байланысты осы кезеңде елеулі өзгеріске ұшырады. Соғыс тұтқындарының алғашқы легі 1914 жылдың тамызында келген, олар қазақ өлкесінің Омбы (ол кезеңде қазақ елінің қаласы болған), Ақмола, Павлодар, Семей уездеріне, Қазақстанның оңтүстік аудандары, Жетісу, Түркістан әскери округіне орналастырылған. Олардың арасында Галициялықтар, румындар, итальяндар, немістер, мадьярлар, Кавказ майданында орыстарға тұтқынға түскен түріктер көп болған. Асығыс құрылған лагерьлердің жағдайы төмен болды, Челябин мен Қостанай арасында құрылған «Тройцкий» тұтқындар лагері «өлім лагері» деген атқа ие болды. Тұтқындар арасынан саяси белсенділерді сол кездегі болшевиктер өз ықпалдарына тартты. Тұтқын болгар, сербтердің социал-демократиялық ұйымдары құрылды. Венгр тұтқындары «Революция» газетін шығарды. Неміс, венгр соғыс тұтқындары арасында саяси белсенділер болды. Соғыс аяқталған соң саяси белсенді тұтқындардың бірқатары қазақ жерін тұрақтап қалды, бірқатары өз отанына қайтты.

**Кілт сөздер.** I дүниежүзілік соғыс, соғыс тұтқындары, әскери округ, тұтқындар лагері.

### Кіріспе

I дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Австрия-Венгрия, Германияның соғыс тұтқындарының Қазақстанға келуіне байланысты еліміздің қоғамдық-саяси өмірі осы кезеңде елеулі өзгеріске ұшырады. 1914 жылдың тамызында келген соғыс тұтқындарының алғашқы легі қазақ өлкесінің Омбы (ол кезеңде қазақ елінің қаласы болған), Ақмола, Павлодар, Семей уездеріне, Қазақстанның оңтүстік аудандары, Жетісу, Түркістан әскери округіне орналастырылған. 1914 жылдың желтоқсанында Омбы қаласында 2000 соғыс тұтқыны болған. Олардың арасында галициялықтар, румындар, итальяндар, немістер, мадьярлар, Кавказ майданында орыстарға тұтқынға түскен түріктер де болған, әсіресе Австрия-Венгрия азаматтары басымырақ болып, олар Батыс Сібір, Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарына орналастырылды [2, 60-64, 73-74, 115 pp; 5]. 1915

жылдың 28 қаңтарында Ақмола облысының 155 қыстағына орналастырылған тұтқындар саны 22 000 адамға жеткен [3, 73-74 пп.]. 1915 жылғы 28 ақпанда алынған мәлімет бойынша Зайсан, Павлодар, Семей, Өскемен қалаларында – 7490, Ақмола облысының қалаларында – 8612 тұтқын болған [3, 115 п.]. Түркістан әскери округі қыстақтарында орналасқан соғыс тұтқындарының саны туралы деректер де өзіне назар аудартады. Түркістан әскери округі бастығының 1915 жылғы 2 сәуірде берген мәліметінде 139 374 солдат, 1882 офицер тұтқын ретінде 37 қонысқа орналастырылғандығы айтылған. 1917 жылдың наурызына қарай олардан 39 521 солдат, 1764 офицер қалған [9, с.41-42]. Лагерь саны 1917 жылы Омск әскери округінде – 28, Петропавлда – 15, Түркістанда – 30-ға жетті. Түркістан лагерінде 82425 – австриялық, 3812 – германдық тұтқын болған [11, с. 48].

Соғыстың бастапқы кезеңінде 1915 жылдың көктеміне дейін, соғыс тұтқындарын қабылдау үшін арнайы құрылған лагерьлер болмаған, адамдарды сарайларға орналастырды, бір жерден екінші жерге айдап апарып отырды. Ал Қазалыда қазақтың киіз үйін қоршау ішіне тігіп, онда арнайы күзетпен тұтқандарды ұстаған. Тұтқандар арасында өлім өте көп болды. Қазақстанда асығыс құрылған лагерьлердің жағдайы төмен болды, Челябині мен Қостанай арасында құрылған «Тройцкий» тұтқындар лагері «өлім лагері» аталды.

### Мәселенің әдістемесі

Мақаланың тақырыбы, бүгінгі күні 1-ші дүние жүзілік соғыстың ауыртпалығын өз тарихынан өткізген елдер 1-ші д.ние жүзілік соғыстың 100 жылдығына орай соғыстың ащы шындықтарын тарих елегінен қайта өткізуде. Мақалада көтеріліп отырған мәселеге архив құжаттары мен зерттеулерге, сол уақытта жарияланған бұқаралық-ақпараттық құрал деректеріне ғылыми сараптау, тарихи-аналитикалық талдау жасау, автордың өз көзқарастарын беру әдістері қолданылды. Мәселеге өзек болған деректі фотоқұжатпен айғақтау, мәселенің мән-жайы мен шынайылығын аша түседі.

### Тұтқындар лагеріндегі саяси-әлеуметтік жағдай

I дүниежүзілік соғыс кезінде қазақ елінен еңбекке жарамды халықтың бір бөлігін майданға, тыл жұмыстарына алып кетуіне байланысты мыңдаған отбасылар асыраушысыз қалды, елді қымбатшылық жайлады. Омбыда тұтқындарды орналастыру үшін 1914 жылдың тамызында 1716 адамды сыйғыза алатын 27 үй дайындалды [3, 6 п.].

Соғыс тұтқындарына деген жергілікті әскери-отаршылдық аппарат пен еңбекші халықтың көзқарасы бірдей болған жоқ. Патша әкімшілігі тұтқындардан жергілікті тұрғындарға және саяси элитаға соғысқа қатысты саяси ақпараттар береді деп қауіптеніп, 1914 жылғы 20 қыркүйекте Омбы әскери округінің штаб бастығы Өскемен, Барнауыл, Семей және Павлодар гарнизондарының бастықтарына соғыс тұтқындарының жергілікті тұтқындармен қарым-қатынасын болғызбауға нұсқау берген [2, 377 п.]. Қала коменданттарына тұтқандарды қатаң тәртіпте ұстау, тұтқын офицерлер казармалардан шыққан жағдайда, мылтықты солдаттардың күзетімен бірге шығу міндеттелген. Қатаң нұсқауларға қарамастан соғыс тұтқындарының кей жағдайда қаланың мәдени ойын-сауықтарына қатысуға мүмкіндік тауып жүргенімен, Дала өлкесінің генерал-губернаторы «соғыс тұтқындары пайдаланып жүрген еркіндік мүлдем шектелсін» деген нұсқау берген. Алайда Қазақстан жеріне келіп қоныстанған жергілікті тұрғындар болып кеткен славян элита өкілдері, славян тектес тұтқандармен жақын тіл табысуға құмар болды, олар ұрыс алаңынан келген әскерилермен өз ойларын бөлісуге құштар болды. Патша үкіметі тарапынан осы жағдайды ескеріп, славян текті соғыс тұтқындары, серб, поляк, т.б. жеңілдіктер берілді, Ресейдің өкімет орындарына адал болып, кепілге алынған жағдайда олардың орыс әйелдерімен некеге тұруына рұқсат етілді [6, с.117].

Архив деректері бойынша, соғыс тұтқындарының 98,7 % жұмысшы, шаруа, қолөнершілер ортасынан шыққан еді [4, 436 п.], олардың әлеуметтік тегінің, жергілікті қала жұмысшыларымен бір болуы, жергілікті тұрғындар мен соғыс тұтқындарының өзара тіл табысуын жақындата түсті. Соғыс тұтқындарының лагерьлердегі жағдайларының тым ауыр болуы, өздеріне деген жергілікті әскерилердің дөрекі қарым-қатынасы олардың көтерілістер ұйымдастыруына себеп болды. 1915 жылы Риддер қаласында, «Қазалы» лагерінде соғыс тұтқындарының көтерілістері болды. Риддер кенішінде 1915 жылдың мамырында 60 адам қатысқан тұңғыш тұтқындар көтерілісі болды, ал Қазалы қаласында 1915 жылдың қазақ айында Австрия-Венгрия армиясының 3000 жуық соғыс тұтқыны қатысқан көтеріліс болды. Көтерілістер күзеттің оқ атып, тұтқындарды атып өлтіріп, іскер күшімен басып тасталып отырды [1, с.40; 10, с.18].

Қазақстан лагерлеріне орналастырылған тұтқындардың саны мен өлім-жітімі туралы дерек әлі де нақты емес. Соғыс жағдайындағы саяси тұрақсыздық, лагерьдегі әлеуметтік, антисанитарлық, дерекі қарым-қатынас салдарынан өлім-жітімнің көп орын алуы, нақты есепке алынып отырмады. Соғыс тұтқындары ауыр жұмыстарға, атап айтқанда, көпір салу, темір жол салу, тас жол салу жұмыстарына тартылды. Тұтқындар қара жұмысқа қаруланған айдаушымен апарылып, қатаң бақылауда болды, олардың жұмысына күніне мардымсыз 15 тиын еңбек ақы төленді, салыстырмалы түрде айтсақ, күніне аға айдаушыға 30 тиын, бас айдаушыға 20 тиын ақы төленген [4, 437 п.]. Әскери тұтқындарды арзан жұмысшы күші ретінде пайдалану шаруашылықтың ахуалын біршама қалпына келтіруге себін тигізді. Әскери тұтқындар сонымен қатар мемлекеттік қорғаныс өндіріс орындарында, жеке отбасыларының шаруашылығында, қолөнерлік шеберханаларда, етікшілік, ұсталық, музыканттық және басқа да мамандықтар бойынша жұмысқа тартылды. Алайда жалпы алғанда әскери тұтқындардың Қазақстандағы жағдайы жеңіл болмады.

1916 жылдың өзінде-ақ Түркістанда жұқпалы аурулар мен аштықтан 20000 соғыс тұтқындарының жартысынан астамы қаза тапты және жергілікті жерлерде соғыс тұтқындарының жаппай қырылуы жалғаса берді. 1918 жылға қарай жобамен Орта Азияда (соның ішінде Қазақстанда) 33-38 мыңнан аспайтын адам қалған екен [7, с.308].

Қазақ жеріне соғыс тұтқындарының келуі туралы саяси ақпараттың бірқатарын сол уақытта жарияланып тұрған «Туркестанские ведомости» газеті (1870 – 1917) береді. Аталым басылымда «Европейская война» (1914-1916), «Война» (1917) атты бөлімдер, «Западный фронт», «Кавказский фронт», «Франко-англо-бельгийский фронт», «Морская война», «Колониальная война» деген рубрикамен жарық көріп тұрды. Соғыс барысын шетелдік «Leipziger Volkszeitung», «Berliner Tageblatt», «De la Tribune de Geneve», «Tempe», «Revue Hebdomadaire», «New York Tribune», «North German general newspaper», «New York Evening Sun» деген басылымдардың редакциясы арқылы беріліп тұрды. 1917 жылы 3 тамызда «Туркестанские ведомости» газетінде соғыстың 3 жылғы қорытындысы жарияланды, онда Австро-Венгрия, Англия, Бельгия, Болгария, Германия, Греция, Италия, Португалия, Ресей, Румыния, Сан Марино, АҚШ, Сербия, Франция, Черногория, Жапония және Түркия мемлекеттерінің соғыста жеңістері мен жеңілістері жария етілді [12]. Басылым бетіндегі әскери жаңалықтар, мәліметтер әскери тұтқындардың 1-ші дүниежүзілік соғыс аясындағы орыс әскери күшінің қатысуы нәтижесінде түскендігін нақтылайды.

### **Соғыс тұтқындарына қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың әсері.**

1917 жылғы Ақпан революциясы жеңгеннен кейін Үштік одақтың бұрынғы әскерілерінің қызметшілері өмірінде елеулі өзгерістер болды. Омбыда, Семейде, Ақмолада орналасқан тұтқындар емін еркін жүріп тұруына, жалданып жұмыс жасауға, оларға төленетін еңбек ақының өсуіне қол жеткізген. Жергілікті Болшевиктер тұтқындар арасынан саяси белсенділерді өз ықпалдарына тартты, революциялық қозғалыстарға тартуға, оларды өз ықпалдарында ұстауға тырысты. Тұтқын болгар, сербтердің социал-демократиялық ұйымдары құрылды. Орынбор мен Омбы қалаларында большевиктердің қолдауымен соғыс тұтқындары қатысқан социал-демократтық ұйымдар құрылды. 1917 жылдың сәуір айында Омбы қаласында құрамына бір бөлігін соғыс тұтқындары құраған, 180-дей адамды біріктірген Поляк және Литва Корольдығы социал-демократтарының большевиктік тактиканы ұстанған тобы құрылды [8, с.119-120].

Неміс, венгр соғыс тұтқындары арасында Карл Томан, Йежев Шотлай, Иштван Паллечек, Йежев Шамоди, Карой Лигети, Феттер саяси белсенділер ретінде танылды. Венгр тұтқындары Омбы қаласында «Революция» газетін шығарды [7, с.294]. Қазақстанның басқа қалаларында да большевиктер соғыс тұтқындарын өз ықпалдарына тартты. 1917 жылдың мамыр, маусым айларында Омбы жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, Томск солдат депутаттарының Кеңесі «Уақытша үкіметтің» соғыс тұтқындарының еңбегін пайдалану, іске асыру жөнінде және оларға оларға Кеңестер тарапынан бақылау жасау жөнінде шешімдер қабылдады [5]. Бұдан әрі Үштік одақтың бұрынғы солдаттары мен офицерлерінің тағдарлары түрліше қалыптасты. Карой Лигети, Йежев Шотлай, Иштван Паллечек, Йежеф Шамоди сияқты бірқатар соғыс тұтқындары большевиктер қатарына қосылып, өз отандарының да таяудағы болашағы большевиктердің «Барлық елдің пролетариаттары бірігіңдер!» деген ұранында деп білді.

Большевиктердің, солшыл-социалистердің, басқа партиялардың үгіті, Австрия-Венгрия және Германия тұтқындарының өз араларында партиялардың құпия бөлімшелері ашылуы, елдегі революциялық ахуалды тездетті. Австрия-Венгрия және Германия әскери тұтқындарының бірқатары қазақ өлкесінде жергілікті тұрғындармен тіл табысып, кейін Кеңес үкіметін орнатқан

1917 жылғы Қазан революциясына, одан әрі ұласқан азамат соғысына қатысты. Осылайша соғыс аяқталған соң саяси белсенді тұтқындардың бірқатары большевиктер сапында болды, бірқатары қазақ жерін тұрақтап қалды, бірқатары өз отанына қайтты. Қазақ жері 1-ші дүниежүзілік соғыс зардаптарынан еріксіз келгендердің бірқатары үшін екінші отан болды. Өз отандарына жалпы саны - 33 пайыздай тұтқын қайтпай қалған. Олардың негізгі дені Азамат соғысына қатысып, қызыл әскер құрамында ақтар әскеріне қарсы шайқасты. Қызылдардың тұтқындардан құрған интернационалды отряды жаттыққан, дайын әскерилер болатын. Солардың бірі – Мате Залкидің ұлты мадияр, бұрынғы австро-венгрия іскерінің офицері. Ол басмаштар арасына қызылдардың тыңшысы болып енген. Мате Залки коммунизм идеясына сенген, әскери саясаткер болған. Алматыдан Мате Залки есіміне көше беріліп, қазіргі таңда Өтеген батыр атына ауыстырылғаны белгілі.




Фото 1 – 2 – Дарданел операциясы (1915 жыл, 25 апрель, Осман империясы мен Британ империясы арасындағы шайқас) кезінде қолға түскен түрік әскерінің тұтқындары

Соғыс тұтқындарының бір бөлігі соғыс аяқталған соң өз отандарына кері оралды, одан әрі өз елдерінде «дүниежүзілік революция» орнығуына қарсы күресті.

### Қорытынды

1-ші дүние жүзілік соғыс кезіндегі тұтқындардың жағдайы осы соғысқа қатысқан барлық мемлекеттер үшін маңызды мәселе қатарына жатады. Ресей патша үкіметінің соғыс тұтқындарын Қазақстан аумағына әкеліп орналастырып, Қазақстаннан тұтқындар лагерін жасауының себебі, тұтқындарды соғыс майданынан алыс аймақта ұстап, соғыс ақиқаттарынан алшақтатып, соғыс шындықтарын жасыруымен түсіндіріледі.

Тұтқындар ортасынан кейіннен 1918-1920 жылдар арасында Қазақстанда болған азамат соғысына белсене қатысқан адамдар шықты. Тұтқындар арасына түскен тәжірибелі әскерилер кейіннен Кеңес үкіметінің Қызыл Армиясына қатарына кіріп, «қызылдар» мен патша үкіметін қолдаған «ақтарға» қарсы күресті. Соғыс тұтқындарының бір бөлігі сол кездегі кеңестік ықпалмен Ұлттық қарулы құрамалар қатарына кіріп, азамат соғына қызу араласып қана қойған жоқ, жергілікті солдаттарды әскери өнерге үйретіп, нұсқаушылар ретінде танылды.

Қазақстан халқы біз қарастырып отырған кездің өзінде ұлттық құрамы өзгерген, көп ұлттылығымен ерекшеленген мемлекет қатарында еді, халық құрамының ала-құлалығына, басқа ұлт өкілдері қатарының көбеюінің тарихи салдарының бірі осы «тұтқындар» саясаты болды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Интернационалисты. Трудящиеся зарубежных стран - участники борьбы за власть Советов на юге и востоке Республики. 1 том. Москва. 1967. 614 с.
- [2] ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 64 қор, 1 тізбе, 1282 бума.
- [3] ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 369 қор, 1 тізбе, 4842 бума.
- [4] ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 19 қор, 1 тізбе, 534 бума.
- [5] Қасымбаев Ж. Австро-венгерские и германские военнопленные в Казахстане (1915 – 1917). Феникс. 1996. Сентябрь, №15.
- [6] Лисецкий Л.О. О положении военнопленных после победы Февральской революции. В книге: Участие трудящихся зарубежных стран в Октябрьской революции. Москва, 1967.
- [7] Матвеев А. Буржуазные авторы об иностранных интернационалистах в Средней Азии. В книге: Участие трудящихся зарубежных стран в Октябрьской революции. Москва, 1967.
- [8] Манусевич А.Я. Польские интернационалисты в борьбе за победу Советской власти и России. Москва, Наука. 1965. 411 с.
- [9] Россия в первой мировой войне 1914 – 1918 года (в цифрах). Москва: Издание ЦСУ, 1925. 105 с.
- [10] Сиргебаев Б. Глубокие корни братства. Алматы: Қазақстан, 1977. 159 с.
- [11] Scharping K. In russischen Gefangenschaft. Die kulturellen und wirtschaftlichen Leistungen der deutschen Kriegsgefangenen in Russland. Berlin: De Gruyter, 1939. 119 p.
- [12] Туркестанские ведомости. 1917. №170.

#### REFERENCES

- [1] Internacionalisty. Trydiyashihsiya zarybezhnih stran – uzhashniki borbi za vlast sovetov na iyge I voctoke Respubliki. 1 tom. Moskva, 1967. 614 p. (in russ).
- [2] Kazakistan memlekettik myragati, 64 kor, 1tizbe, 1282 бума. (in russ).
- [3]Kazakistan memlekettik myragati, 369 kor, 1 tizbe, 4842 бума. (in russ).
- [4]Kazakistan memlekettik myragati, 19 kor, 1 tizbe, 534 бума. (in russ).
- [5] Kasymbaev Zh. Avstro-vengerskie i germanskije voennoplennyye v Kazahstane (1915-1917). Feniks, 1996, №15. (in russ).
- [6] Liseskii L.O. O polocenii voennoplennih posle pobedi Fevral'skoi revolusii. /V knige Uchastie trudyashihsiya zarubezhnyh stran v Oktjabr'skoi revoljucii. Moskva. 1967. (in russ).
- [7] Matveev A. Burzhazniya avtori ob inostrannih internatsionalistah v Srednei Asii. /V knige Uchastie trudyashihsiya zarubezhnyh stran v Oktjabr'skoi revoljucii. Moskva. 1967. (in russ).
- [8] Manusevish A. Polskiye internatsionalisti v borbe za pobedu Sovietskoi vlasti v Rossii. Moskva: Nauka, 1965. 411 s.
- [9] Rossiya v pervoi mirovoi voine 1914 – 1918 goda (v sifrah). Moskva. 1925. 105 p. (in russ).
- [10] Sirgebaev B. Glubokie korni bratsva. Almaty: Kazakhstan1977. 159 p. (in russ).
- [11] Scharping K. In russischen Gefangenschaft. Die kulturellen und wirtschaftlichen Leistungen der deutschen Kriegsgefangenen in Russland. Berlin: De Gruyter, 1939. 119 p. (in deutsch).
- [12] Turkestanskije Vedomosti, 1917. №170. (in russ).

УДК 94 (574) 9.93

Т. Е. Картаева

ҚазНУ им. аль-Фараби. Қазақстан, г.Алматы

#### Положения военнопленных Первой мировой войны в Казахстанских лагерях

**Абстракт.** Во время I мировой войны общественно-политическая жизнь Казахстана существенно изменилась в связи с пребыванием Австро-венгерских, германских военнопленных. Первая партия военнопленных прибыло в августе 1914 года, их расселили в Омской (в то время Омск был городом казахской страны), Акмолинской, Павлодарской, Семипалатинских уездах, в южные районы Казахстана, в Жетысуский, Туркестанский военные округа. Среди них было много галицийцев, румынцев, итальянцев, немцев, мадьяры и турки которые попавшие в плену на русских в Кавказском фронте. Состояние лагерей, созданных в спешке, были худшими. Созданные между Костанаем и Челябинском, лагерь «Троицкая» для пленных, назвали «лагерь смерти». Политических активистов среди пленных, большевики агитировали на свою сторону. Из среды пленных болгары и сербы создали социал-демократическую организацию. Венгерские пленные выпустили газету под названием «Революция». Среди немецких, венгерских пленных было много политических активистов. После окончания, ряд политических активистов среди пленных остались жить на казахской земле, а некоторые вернулись на свою Родину.

**Ключевые слова:** I мировая война, военнопленные, военный округ, лагерь заключенных.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы – аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының кандидаты.